

Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 "Қостанай облысы Арқалық қаласының Аңғар ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2022 жылғы 4 ақпандағы № 87 шешімі

Арқалық қалалық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Арқалық қаласының Аңғар ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5078 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидаларын және қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Арқалық қаласының Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 шешімімен бекітілген", "Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 шешіміне қосымша" сөздері "Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 шешіміне 1-қосымша" және "Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 шешіміне 2-қосымша" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы

Г. Елтебаева

Мәслихаттың

2022 жылғы 4 ақпандағы

№ 87 шешіміне

қосымша

Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылның жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің ұлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Аңғар ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдың аумағы участеклерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аңғар ауылның әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Аңғар ауылның әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Аңғар ауылның әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайзы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аңғар ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аңғар ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын қала мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Аңғар ауылы әкімінің аппаратына беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК